

Арбиген жалпы орта білім беру мектебі бойынша ата-аналар жиналысының хаттамасы

03.05.2022ж.

Қатысқандар саны:24

Күн тәртібіндегі мәселе:

- 1.Облыстық бюджет есебінен қамтылатын тегін ыстық тамақ бағасының 450 теңге болғанын ата-аналарды хабардар ету.
- 2.Жазғы уақыттағы балалар қауіпсіздігінің алдын алу.
- 3.Жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,бракеражды комиссия мүшесі –Г.К.Рахметова облыстық бюджет есебінен 1-4-сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтылу бағасының 450 теңгеге көтерілгендігі туралы ата-аналарға хабарлама жасады.

Екінші мәселе бойынша аймақтық полиция қызметкері—М.А. Шинтаевпен бірлескен ата-аналар мен оқушыларға балалар қауіпсіздігінің алдын алу, жол жүру ережелері, ата-ана жауапкершілігі,жазғы демалыс тақырыптары бойынша жиналыс өткізіліп, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің мотоцикл,машина,мопед, квадрацикл сияқты көліктеріне арнайы жүргізушілік куәлігінсіз отырмауға кеңес берді.

Жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру мәселесі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары—Г. К. Рахметова сөз алып, «Балауса» мектеп жанындағы лагері екі маусымда жұмыс істейтіндігін,сонымен қатар жалпыға бірдей оқу қорынан көп балалы – Данкин Мейрам және Кептилеу Телеуханның отбасындағы 7 оқушы тегін демалатындығын атап өтті.Жазғы демалыс лагерінің мерекелік ашылу салтанаты балалар күніне орай ұйымдастырылатындығын айтып өтті.

Жөн-сөз сөйлеушілер:

7-сыныптың ата-аналар комитетінің мүшесі –Қ.Серкебаева жазғы уақытта балалар қауіпсіздігін ата-ана ретінде қатаң қатағалайтынын айтты.

Шешім:

1. Бастауыш сынып оқушылары облыстық бюджет есебінен 450 т құрайтын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
- 2.Жазғы уақытта оқушылардың қауіпсіздігі қатаң қадағалансын.

Жиналыс бастығы:  Б.Қ.Таймасова

Хатшы:  А.Р.Кубентаева